

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның
«Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» тақырыбында
дөңгелек үстел хаттамасы
ХАТТАМАСЫ № 6

Тараз қаласы

18 қараша 2025 ж

Төрағалық еткен: Б. Карымсакова – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері»

Қатысқандар: Нурханова Таңшолпан Бақытәліқызы– ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманы:

Кәсіпорын қызметкерлері

Төраға жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібімен таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ:

Бүгінгі күн тәртібінде қарастырылып отырған мәселе, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ұйымдастырған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою; жолын кесу. Жемқорлық бойынша сауалнама.

1. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері Б. Карымсакова Сыбайлас жемқорлық – қазір қоғамды алаңдатқан басты мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы алғашқы қадам – қоғамдық сананы көтеру. Бүгінде жемқорлықтың алдын алудың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі қоғамдағы этика мен құндылықтар болып табылады. Азаматтар арасында жемқорлықтан бас тарту мәдениетін қалыптастыру мұндай тәжірибелерге жол берілмейтін ортаны құруға ықпал етеді. Сондай-ақ, осы ұстанымдарды бала тәрбиесіне енгізу арқылы жас ұрпақ арасында адалдықты, жауапкершілікті және әділдікті дамыту маңызды деп сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау жағдайлары мен себептерін анықтау жайында ақпараттармен бөлісіп, кәсіпорын қызметкерлерімен өз ойын талқыға салды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманы: Нурханова Таңшолпан Бақытәліқызы–

Сыбайлас жемқорлық-бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетіндігі туралы түсінік берді

2. Қатысушылар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жайында пікір алмасып, өз ойларымен бөлісті.

3. «Сенің сыбайлас жемқорлықтуралы пікірің» сауалнамасы

Күн тәртібіндегі жасалған баяндамалар назарға алынып,

Жиын қорытындысы:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы кәсіпорын қызметкерлеріне үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төрағалық еткен



Б. Карымсакова